



"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 52 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 2151 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 шілдедегі №205 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 04.07.2016 №205 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Басқарма) Ережесі бекітілсін.

2. Басқарма заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Орынбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2014 жылғы "27" ақпандағы
№ 52 қаулысымен бекітілген

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын қалыптастыру мен іске асыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомствалары жоқ.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 78.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы - "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге

асырылады.

13. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Тілді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын қалыптастыру мен іске асыру.

15. Міндеттері:

Аудандар мен Тараз қаласы әкімдіктерінің, облыстық басқармалар мен комитеттердің, департаменттердің, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар мен кәсіпорындардың "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңын, "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы Жарлығын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыстық әкімдігінің іс-шаралар жоспарларын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

"Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы Жарлығын іске асыру мақсатында мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін және сұранысын арттыру;

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру және бақылау жүргізу;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануға;

Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан

Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асыру;

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес облыстағы ономастикалық және терминологиялық жұмыстарға жетекшілік жасау

16. Функциялары:

1) Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының функциялары

Жергілікті атқарушы органдардың және меншік нысанына қарамастан, барлық ұйымдардың "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының, "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы Жарлығын орындау бағытындағы қызметтерін ұйымдастырады және бақылайды;

Тіл саясаты саласында заңдардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шығармашылық одақтармен, қоғамдық бірлестіктермен және басқа да мемлекеттік емес құрылымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

Облыстағы ономастикалық және терминологиялық жұмыстарды үйлестіреді, облыс әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, кәсіпорындарда, жергілікті атқарушы билік органдарында, білім беру, мәдениет, құқық қорғау мекемелерінде, халыққа түрлі қызмет көрсету орындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру, азаматтардың мемлекеттік тілді оқып-үйренуін ұйымдастыру ісін қадағалайды, оларға практикалық көмектер береді;

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 18 және 21 баптары талаптарының аймақтағы барлық мемлекеттік емес ұйымдарда мүлтіксіз сақталуына ықпал етеді;

Аймақтағы тіл саясаты саласындағы ішкі саяси процестерге кешенді әлеуметтік талдаулар мен зерттеулер жүргізеді;

Фестивальдер, байқаулар, конкурстар, олимпиадалар және тіл өркендетуге бағытталған басқа да іс-шараларды өткізеді;

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының

және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметінің деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жасайды;

Облыста тілдерді қолдану мен дамытудың әр кезеңдерге арналған іс шаралар жоспарын әзірлеу, олардың орындалуына ықпал етеді;

Заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2) Мемлекеттік тілді оқыту орталығының функциялары:

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңын, "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы Жарлығын жүзеге асыру;

Мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік және халыққа қызмет көрсету салаларының қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа топтағы тұрғындарға мемлекеттік тілді оқытуға қажетті материалдық-техникалық, оқу, оқу-әдістемелік жағдай жасау, оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін ұлғайту мен дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындармен өзара қарым-қатынас жасау;

Аудармашыларға, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізетін мамандарға, қазақ тілі үйірмелерінің жетекшілеріне нақты оқу-әдістемелік көмек көрсету (әдістемелік құралдар мен ұсыныстарды әзірлеу және тарату, конференцияларына, семинар-практикумдарына, кеңестеріне қатысу және тағыда басқа).

17. Құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

Өз құзыретінің шегінде бұйрықтар қабылдауға;

Аудандар мен Тараз қалалық әкімдіктерінен, облыстық басқармалар мен комитеттерден, департаменттерден, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдардан "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңның талаптарының орындалуына байланысты тоқсандық, жылдық есептерді, сондай-ақ өз функцияларына жататын мәселелер бойынша ақпараттар, мәліметтер, басқа да құжаттар сұрауға және алуға;

Өз құзыретіне сәйкес "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңның, "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011

жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығын орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, облыстық, аудандық мекемелер мен ұйымдарда, кәсіпорындарда, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан басқа да мекемелер мен ұйымдарда, кәсіпорындарда іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшірудің жайын зерделеуге;

Заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Міндеттері:

Қазақстан Республикасындағы тіл жетістіктерін көрсетуге және тілдік ортаны қалыптастыру мақсатында фестивальдер, байқаулар және басқа да насихаттық іс-шараларды ұйымдастыруға;

Тіл саласын экономикалық және әлеуметтік дамытудың бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға, тілдерді дамыту ісіне облыстық бюджеттен қаражат бөлу туралы ұсыныстар енгізуге және оның ұтымды пайдаланылуын бақылауға қатысуға.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Жамбыл облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасары жоқ.

21. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

Барлық органдарда "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесін қорғайды;

Басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкіне қожалық етеді, келісім жасайды, сенімхаттар береді;

Банкіде есепшоттар ашады, іс бойынша келісім жасайды;

Барлық қызметкерлерге міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

Қызметкерлерді марапаттау және оларға шара қолдануды анықтайды;

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені бекітеді;

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы қимыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты;

Заңда белгіленген тәртіппен бағынысындағы Мекемелердің (кәсіпорындардың) құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

Бағынысындағы Мекемелердің (кәсіпорындардың) басшыларына қойылатын біліктілік талаптарын қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітеді;

Заңда белгіленген тәртіппен бағынысындағы Мекемелердің (кәсіпорындардың) басшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Мемлекеттік мекеме (кәсіпорын) басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Бас бухгалтерлерін қызметке тағайындау мен босатуға келісім береді;

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының "Мемлекеттік тілді оқыту орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.